

Адам және қоғам
10-сынып
1 деңгей

1. Үндістан өз тәуелсіздігін қашан жариялады?

- A) 1947 тамыз
- B) 1948 тамыз
- C) 1949 тамыз
- D) 1950 тамыз
- E) 1951 тамыз

2. Үндістанның алғашқы премьер министрі?

- A) М. Ганди
- B) Дж. Неру
- C) Р. Ганди
- D) С. Хан
- E) Джинна

3. Қырғиқабақ соғыстың басталуына себеп болған баяндама.

- A) У. Черчилль, Фултон
- B) Ф. Рузвельт, Вашингтон
- C) И. Сталин, Ялта
- D) Ш. Де Голль, Париж
- E) М. Цзедунь, Нанкин

4. АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропа елдеріне көмек көрсету бағдарламасы:

- A) «Рузвельт доктринасы»
- B) «Жаңа бағыт»
- C) «Ренди»
- D) «Маршалл жоспары»
- E) «Лендлиз»

5. АҚШ – та Ф. Рузвельттан кейін билікке келген президент.

- A) Г. Труман
- B) А. Маршалл
- C) А. Смит
- D) Д. Эйзенхауер
- E) Л. Джонсон

6. Достық, ынтымақтастық және өзара көмек Варшава шартына қай жылы қол қойылды?

- A) 1950 ж.
- B) 1951 ж.
- C) 1953 ж.

- D) 1955 ж.
- E) 1957 ж.

7. 1949 жылы қыркүйекте Германия Федеративтік Республикасының үкімет басшысы болып тағайындалды:

- A) Л. Эрхард
- B) К. Аденауэр
- C) Ф. Шуманн
- D) О. Гротеволь
- E) Ш. Де Голль

8. Кеңес Одағында Н. Хрущевтан кейін билікке кім келді?

- A) Л. Брежнев
- B) К. Черненко
- C) Ю. Андропов
- D) Г. Маленьков
- E) И. Сталин

9. ГФР мен ГДР шекарасы қай жылы ашылды?

- A) 1998
- B) 1988
- C) 1989
- D) 1980
- E) 1981

10. Қытайда кең көлемдегі экономикалық реформалар қабылдаған мемлекет қайраткері?

- A) Ц. Цзямин
- B) Л. Сибао
- C) К. Тэньки
- D) Д. Сяопин
- E) Х. Цзиньтао

11. Мемлекет пен мемлекетті басқару мәселелері қамтылған қоғам өмірінің аясы:

- A) экономикалық
- B) мәдени
- C) рухани
- D) саяси
- E) ғылыми

12. Мүлік иесі мен сол мүлікті жалға алған еңбек ұжымы арасындағы шарттың негізінде құрылған кәсіпорын:

- A) халықаралық
- B) акционерлік
- C) мемлекеттік

D) жалгерлік

E) ұлттық

13. Жеке тұлғаның қоғамға кіру үдерісінің атауы:

A) әлеуметтену

B) мойынсұну

C) ықпалдасу

D) өркенниеттену

E) құрылымдану

14. Тұтынушылардың құқығын қорғайды:

A) ҚР «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заң

B) ҚР Қылмыстық кодекс

C) ҚР Еңбек кодексі

D) ҚР Азаматтық кодексі

E) ҚР Отбасы кодексі

15. Ең жоғары және абсолютті құндылық:

A) ар-ұждан

B) материалдық

C) адам және оның өмірі

D) ұлттық идеология

E) ақыл-ой мен сана

16. Сот кәмелетке толмаған үш және одан да көп балаға алиментті олардың ата-аналарының табысынан немесе өзге де кіріс көздерінен өндіріп алады:

A) төрттен бір бөлігін

B) тең жартысын

C) алтыдан бір бөлігін

D) үштен бір бөлігін

E) бестен бір бөлігін

17. Ең жоғарғы және абсолютті құндылық:

A) материалдық

B) ұлттық идеология

C) адам және оның өмірі

D) ақыл-ой мен сана

E) ар-ұждан

18. Егер жұмыс уақытының апталық нормасы 24 сағат болса, күнделікті жұмыс ұзақтығы болуы тиіс:

A) 6 сағат

B) 10 сағат

C) 8 сағат

D) 12 сағат

E) 4 сағат

19. Қоршаған ортаға қарсы құқықбұзушылықтың түріне жатады:

A) экологиялық қылмыс

B) түнгі уақытта тыныштықты бұзу

C) бөтен мүлікті ұрлау

D) ұсақ бұзақылық

Е) салықты төлемей

20. Елеулі дәрежеде езгіден, қаналудан сақтайтын бостандық болып табылады:

А) Саяси бостандық

В) Құқықтық бостандық

С) Рухани бостандық

Д) Экономикалық бостандық

Е) Өмір бостандығы

10-сынып

2 деңгей

1. Б.з.д. 337 жылы Филипп II басшылығымен эллиндік одақ құрылды. Одақтың басты міндеті?

А) Балқан түбегін жаулап алу

В) Парсы патшалығын жаулап алу

С) Үндістанды Жаулап Алу

Д) Сирияны Жаулап Алу

Е) Орта Азияны Жаулап Алу

2. Б.з.д. 264-241 жылдары Рим бірінші Пуникалық соғыс, содан кейін 218-201 жылдары екінші Пуникалық соғыс жүргізді, нәтижесінде ол Батыс Жерорта теңізінің толық қожайыны болды. Осы жылдары Рим қай мемлекетпен соғыс жүргізді?

А) Македония

В) Сирия

С) Карфаген

Д) Мысыр

Е) Греция

3. Осы сөздің авторы кім: «Аттила есімі адамзат тарихында Александр және Цезарь секілді ұлы тұлғалармен қатар аталады»

А) Иордан тарихшы

В) А.Тьери тарихшы

С) Старген тарихшы

Д) Ф.Фюре тарихшы

Е) Д.Верди

4. Үшінші халифа Осман қайтыс болғаннан кейін халифа орнына үміткерлер арасында күрес басталды: Али мен Муавия арасында. 660 жылы Муавия қиын күресте жеңіске жетті. Муавия қай әулеттің негізін қалаушы болды?

А) Аббасидтер

В) Аштарханидтер

С) Умаядтар

Д) Ахеменидтер

Е) Осман

5. Ежелгі Египетте алғашқы өтпелі кезең уақытын қамтитын кезең:

- A) II-VI ғғ.
- B) III-VI ғғ.
- C) V-III ғғ.
- D) X-V ғғ.
- E) VII-X ғғ.

6. Ежелгі Египетте орта патшалық уақытын қамтитын кезең:

- A) IX-V ғғ.
- B) III-VI ғғ.
- C) XI-XII ғғ.
- D) X-XV ғғ.
- E) VII-VI ғғ.

7. Аграрлық өркениеттің ерекшеліктеріне жатпайды

- A) табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділік
- B) техникалық прогресстің шектеулігі
- C) өз қажеттілігі үшін ғана өнім өндірудің басым болуы
- D) әлеуметтік негізі – қоғам мен отбасы
- E) қалдықсыз және экологиялық технологиялар қолдану

8. Бұл экономикалық негізі жаппай машиналық өндіріс болып табылған қоғам:

- A) индустриалды өркениет
- B) постиндустриалды өркениет
- C) аграрлы өркениет
- D) дәстүрлі өркениет
- E) отырықшы өркениет

9. Ежелгі Қытай өркениетінің ерекшеліктерінің бірі:

- A) ең алғаш рет қағаз иероглифтік жазба қалыптасты
- B) ең алғаш рет заңдар жинағын шығарды
- C) ең алғаш рет Африка құрлығын кемемен айналып өтті
- D) ең алғаш рет діни реформа ұйымдастырды
- E) ең алғаш рет ақшаны айналымға енгізді

10. Ежелгі Үнді өркениетінің мәдени-тарихи жетістіктерінің бірі:

- A) Жібек өндірісін бастады
- B) Шахмат ойынын ойлап тапты
- C) Дөңгелекті ойлап тапты
- D) Шай өндірісін бастады
- E) Тігін станогын ойлап тапты

11. Мүлік иесі мен сол мүлікті жалға алған еңбек ұжымы арасындағы шарттың негізінде құрылған кәсіпорын:

- A) халықаралық

- В) акционерлік
- С) мемлекеттік
- Д) жалгерлік
- Е) ұлттық

12. Жеке тұлғаның қоғамға кіру үдерісінің атауы:

- А) әлеуметтену
- В) мойынсұну
- С) ықпалдасу
- Д) өркенниеттену
- Е) құрылымдану

13. Тұтынушылардың құқығын қорғайды:

- А) ҚР «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заң
- В) ҚР Қылмыстық кодекс
- С) ҚР Еңбек кодексі
- Д) ҚР Азаматтық кодексі
- Е) ҚР Отбасы кодексі

14. Мемлекет пен мемлекетті басқару мәселелері қамтылған қоғам өмірінің аясы:

- А) экономикалық
- В) мәдени
- С) рухани
- Д) саяси
- Е) ғылыми

15. Саяси жүйенің оған іштен не сырттан келетін әсерлерге жауап ретінде кері әсер көрсететін қызметы:

- А) Реакция беру
- В) Бейімделу
- С) Реттеу және бақылау
- Д) Дистрибутивтік
- Е) Экстрактивтік

16. Зейнеткерлерді әлеуметтік қорғау қозғалысы:

- А) «Лад»
- В) «Поколение»
- С) «Невада-Семей»
- Д) «Азамат»
- Е) «Руханият»

17. Мемлекет тұрпаты жағынан бөлінеді:

- А) феодалдық
- В) құлиеленушілік
- С) постиндустриялық
- Д) капиталистік
- Е) социалистік

18. Адамзат тарихында қоғам шамамен пайда болды:

- А) Б.з.д. 5 мыңжылдықта
- В) Б.з.д. 4 мыңжылдықта

- С) Б.з.д. 3 мыңжылдықта
 D) Б.з.д. 2 мыңжылдықта
 E) Б.з.д. 1 мыңжылдықта

19. Постиндустриялық қоғамда адам қызметінің басты объектісі болып табылады:

- A) ақпарат
 B) техника
 C) сауда
 D) өндіру
 E) сенім

20. Адамдар тобының немесе жалпы қоғамның өзінің қандай да бір мүшесінің жеке не іскерлік қасиеттерін тану дәрежесі:

- A) абырой
 B) бедел
 C) билік
 D) қорғану
 E) мәртебе

10-сынып 3 деңгей

1. Сәйкестендіру жасау. Мемлекеттік формалары

1	Абсолютті монархия	A	Бұл үкіметті жасақтау мен оның қызметің бақылау өкілеттіліктері президент пен парламент арасында бөлінетін билік формасы
2	Президенттік республика	B	Тәуелсіз басшы ешқандай шектеусіз, шексіз билік жүргізетін мемлекеттік форма
3	Конституциялық монархия	C	Президент бір мезгілде мемлекет басшысы және атқарушы биліктің басшысы
4	Президенттік-парламенттік республика	D	Монарх билігінің конституциямен шектелгендігін білдіретін басқару түрі

- A) 1A, 2C, 3B, 4D
 B) 1B, 2C, 3D, 4A
 C) 1C, 2A, 3B, 4D
 D) 1D, 2B, 3A, 4C
 E) 1A, 2D, 3C, 4B

2. Парсы империясының тарихындағы оқиғалардың хронологиясын анықтаңыз?

1. Кир II Армения, Каппадокия және Лидияны басып алды
2. Кир II парсылардың патшасы болды
3. Камбис Мысырды басып алды

4. Дарий I Парсы мемлекетінің патшасы болды

- A) 1,2,3,4
- B) 2,1,3,4
- C) 3,4,1,2
- D) 4,2,1,3
- E) 1,3,4,2

3. Хронологиялық реттікті анықтаңыз.

- 1. Гавгамел шайқасы
 - 2. Эллиндік Одақ құрылды
 - 3. I Александр Вавилонға шөл арқылы келді
 - 4. Спитамен қаза тапты
- A) 4,3,1,2
 - B) 3,2,4,1
 - C) 2,1,4,3
 - D) 1,4,3,2
 - E) 4,2,1,3

4. Сәйкестендіріңіз.

1	632 ж	A	Селжұқтар Бағдатты басып алды
2	711 ж	B	Абдеррахман (Умайядтардың соңғысы) Испанияға қашып, өзін әмір деп жариялады
3	756 ж	C	Мұхаммед пайғамбар қайтыс болды
4	1055 ж	D	Арабтар Испанияға Гибралтар арқылы өтті

- A) 1A, 2C, 3D, 4B
- B) 1D, 2A, 3B, 4D
- C) 1B, 2D, 3A, 4C
- D) 1C, 2D, 3B, 4A
- E) 1A, 2B, 3C, 4D

5. Өркениет туралы түсініктер мен өркениетті зерттеген бағыт өкілдерін сәйкестендіріңіз.

Өркениет туралы түсініктер	өкілдері
----------------------------	----------

1. Жабайылық пен тағылықтан үстем болған, адамзаттың тарихи даму кезеңі; 2. Бостандық, әділдік және құқық салтанат құрған азаматтық қоғамның келбеті; 3. Адамдардың тарихи қауымын өзге құрылымдардан ерекшелейтін, өзіндік экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани құндылықтар тұтастығы;	А) С.Хантингтон, К.Ясперс В) Л.Морган, К.Маркс, Ф.Энгельс С) А.Тойнби Д) Ф.М.Вольтер, Ш.Монтескье, Д.Дидро
--	---

- А) 1-А,2-В,3-Д
В) 1-Д,2-С,3-А
С) 1-В,2-Д,3-С
Д) 1-С,2-А,3-В
Е) 1-В,2-С,3-Д

6. «Өркениет» ұғымын танудың бағыттары мен бағыттардың атауларын сәйкестендіріңіз

«Өркениет» ұғымын танудың бағыттары	Бағыттардың атаулары
1. өркениет – адамзаттың біртұтас прогрессивті дамуының идеалы; 2. өркениет – адамзаттың біртұтас прогрессивті дамуының кезеңі; 3. өркениет – сапалы, әртүрлі ерекше этникалық немесе тарихи-қоғамдық құрылым.	А) сатылы В) локальды-тарихи С) унитарлы Д) дәстүрлі

- А) 1-А,2-В,3-Д
В) 1-Д,2-С,3-А
С) 1-В,2-Д,3-С
Д) 1-С,2-А,3-В
Е) 1-В,2-С,3-Д

7. «Олардың шаруашылығында ет пен май қорын тез толтыратын қой шаруашылығының маңызы зор. Сондай-ақ, қойдың жүні мен терісінен жылы киім дайындалды. Жылқы көшпелі тұрмыс жағдайында алыс жайылымдарды игеруге мүмкіндік беретін ерекше шыдамдылығы мен төзімділігі, соғыста және аң аулауда пайдалатындығы арқасында аса бағалы жануар деп есептелді. Сондықтан, көшпелілер тек қана тебіндеп жайылатын жылқы өсіруге ерекше көңіл бөлген. "Бұл даланың ерекшеліктері мынада: оның шөбі малға арпаның орнына жүреді, басқа елдерде мұндай ерекшелік жоқ. Онда малдың көптігі де сондықтан", - деп атап өткен араб саяхатшысы Ибн Баттута. Жылқы санының көп болуы әрқашанда байлықтың өлшемі, малшы билігінің экономикалық негізі

болған. Кейбір жазба ескерткіштерде қыпшақтар елінде он мың жылқы иеленгендердің көп болғаны жөнінде мәліметтер бар. Түріктердің жылқысы климаты қатаң, жергілікті табиғи жағдайларға жақсы бейімделген еді, сонымен қатар сүтінің мол және еті мен майының сапасы жақсы болуымен ерекшеленді. Түріктер сиыр және қой етінен жылқы етін артық көретін, ал бие сүтінен тамаша, шипалы сусын - қымыз дайындайтын».

Тұжырымдар:

I. Көшпелі өркениет - дәстүрлі өркениет типіне жатады

II. Көшпелі өркениетте жеке меншік белгілері болмады

III. Көшпелі өркениеттің қалыптасуы табиғи-географиялық факторларға байланысты болды

IV. Көшпелі өркениеттің тек бір ғана шаруашылық түрі болды

Мәтінді оқып, соған сәйкес келетін тұжырымдарды анықтаңыз:

A) I, IV

B) I, III

C) II, III

D) II, IV

E) I, II

8. «Персиядағы Британдық елшілікпен болған қызықты бір жағдай. Британдық елшілер жағдайға сай киінбегенін алға тартып, сарайдағылар британдық елшілерді шахқа кіргізуге рұқсат бермеді. Таң қалған ағылшындықтар сарайдағылардан қара фрактарды киюдің қандай мін бар екенін сұрады. Парсылар Еуропаның елшілері осылай киінуі керек деп, өткен ғасырдың суретін көрсетті. Ұнтақталған париктер мен камзоларда шілтерлі манжеттері бар елшілердің суретін көрген ағылшындар: «біздің аталарымыз осылай киінген!»-деп күліп жауап берді. «Ата-бабаларының әдет-ғұрпын қалай ғана мысқылдауға болады?»-деп таң қалған парсылар, ағылшындарға көзін бақырайтып қарады. Мәтінде қандай екі қоғамның қарама-қайшылығы сипатталғанын анықтаңыз:

A) көшпелі және отырықшы

B) өркениетті және тағы

C) дәстүрлі және индустриалды

D) индустриалды және ақпаратты

E) антикалық және жабайы

9. «Жоғарғы Мысыр патшалығы Төменгі Мысыр патшалығын жеңіп, бүкіл Мысырды біріктіреді. Патшалық тұсында Манефон құраған деректер бойынша, Мысырды біріктірген Менес (Мина) болған (шамамен, б.з.д.3000 жыл бұрын). Мысырдың ең ежелгі астанасы — Мемфис (ежелгі мысыр тілінен аударғанда «Птах құдай рухының қорғаны» деген мағынада) қаласы гректердің өзгертуімен «eiguptos» деп аталып кеткен. Бұдан, «Египет» атауының төркіні грек тілінде жатқанын байқауға болады. Ал ежелгі мысырлықтар өз елін «Кемет» («Қара») деп атаған. Яғни, Ніл өзені аңғарының маңындағы топырақ түсімен сәйкес

келеді. «Мысыр — Ніл өзені суымен шайылатын, халқы Элефантин қаласына жақын жерде қоныстанып, Ніл өзенінің суын ішкен жер», — деп атақты тарихшы Геродот айтқан. Сонымен қатар, Геродот Мысырды «Нілдің сыйы» деп атап кеткен. Шынымен де, Ніл өзені құрғақшылық жайлаған, қиыры шексіз Сахара шөліндегі жалғыз тіршілік көзі іспеттес. Ніл аңғары маңындағы құнарлы топырақ жергілікті халықтың ауыл шаруашылығын дамытуына негіз болды».

Тұжырымдар:

- I. Ежелгі Мысыр өркениеті - дәстүрлі өркениет типіне жатады
 - II. Ежелгі Мысыр өркениеті егіншілікке негізделді
 - III. Ежелгі Мысыр өркениеті көшпелі мал шаруашылығынан бастау алады
 - IV. Б.з.д. XX ғасырда Мысыр орталықтандырылған мемлекетке ие болды
- Мәтінді оқып, соған сәйкес келетін тұжырымдарды анықтаңыз:

- A) I, III
- B) II, III
- C) III, IV
- D) II, III, IV
- E) I, II, IV

10. «Жоғарғы Мысыр патшалығы Төменгі Мысыр патшалығын жеңіп, бүкіл Мысырды біріктіреді. Патшалық тұсында Манефон құраған деректер бойынша, Мысырды біріктірген Менес (Мина) болған (шамамен, б.з.д.3000 жыл). Мысырдың ең ежелгі астанасы — Мемфис (ежелгі мысыр тілінен аударғанда «Птах құдай рухының қорғаны» деген мағынада) қаласы гректердің өзгертуімен «eiguptos» деп аталып кеткен. Бұдан, «Египет» атауының төркіні грек тілінде жатқанын байқауға болады. Ал ежелгі мысырлықтар өз елін «Кемет» («Қара») деп атаған. Яғни, Ніл өзені аңғарының маңындағы топырақ түсімен сәйкес келеді. «Мысыр — Ніл өзені суымен шайылатын, халқы Элефантин қаласына жақын жерде қоныстанып, Ніл өзенінің суын ішкен жер» — деп атақты тарихшы Геродот айтқан. Сонымен қатар, Геродот Мысырды «Нілдің сыйы» деп атап кеткен. Шынымен де, Ніл өзені құрғақшылық жайлаған, қиыры шексіз Сахара шөліндегі жалғыз тіршілік көзі іспеттес. Ніл аңғары маңындағы құнарлы топырақ жергілікті халықтың ауыл шаруашылығын дамытуына негіз болды».

Тұжырымдар:

- I. Мысыр – көне египет тілінде «Нілдің сыйы» деген мағынаны білдіреді
 - II. Көне Мысыр мәдениеті б.з.д. 3000 жылда қалыптаса бастады
 - III. Ежелгі Мысыр өркениеті Сахара шөліне байланысты дамыды
 - IV. Мысыр елінің Мемфис және Элефантин деген астаналары болды
- Мәтінге қай тұжырым сәйкес келеді:

- A) I, III
- B) II, IV
- C) I
- D) II
- E) IV

11. Мүліктік, несиелік және бірқатар басқа құқықтар мен міндеттерді куәландыратын құжаттар:

- A) Табиғи ресурстар
- B) Бағалы қағаздар
- C) Кәсіпкерлік қызмет
- D) Жер рентасы
- E) Еңбек шарты

12. Әркімнің өмір сүруге құқығы:

- A) Конституцияның 1-бабы
- B) Конституцияның 7-бабы
- C) Конституцияның 10-бабы
- D) Конституцияның 15-бабы
- E) Конституцияның 16-бабы

13. ҚР заңнамасына сәйкес жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысының ұзақтығы:

- A) күнтізбелік 32 күн
- B) күнтізбелік 50 күн
- C) күнтізбелік 30 күн
- D) күнтізбелік 24 күн
- E) күнтізбелік 10 күн

14. Сот кәмелетке толмаған үш және одан да көп балаға алиментті олардың ата-аналарының табысынан немесе өзге де кіріс көздерінен өндіріп алады:

- A) төрттен бір бөлігін
- B) тең жартысын
- C) алтыдан бір бөлігін
- D) үштен бір бөлігін
- E) бестен бір бөлігін

15. Ең жоғарғы және абсолютті құндылық:

- A) материалдық
- B) ұлттық идеология
- C) адам және оның өмірі
- D) ақыл-ой мен сана
- E) ар-ұждан

16. Егер жұмыс уақытының апталық нормасы 24 сағат болса, күнделікті жұмыс ұзақтығы болуы тиіс:

- A) 6 сағат
- B) 10 сағат
- C) 8 сағат
- D) 12 сағат
- E) 4 сағат

17. Қоршаған ортаға қарсы құқықбұзушылықтың түріне жатады:

- A) экологиялық қылмыс
- B) түнгі уақытта тыныштықты бұзу
- C) бөтен мүлікті ұрлау
- D) ұсақ бұзақылық

Е) салықты төлемей

18. Еңбек шартымен жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына бекітілген:

A) 24 сағат

B) 18 сағат

C) 38 сағат

D) 40 сағат

E) 36 сағат

19. Түнгі уақыттағы жұмыс:

A) 22 сағ-тан бастап таңертеңгі сағат 6-ға дейінгі уақыт

B) 19 сағ-тан бастап таңертеңгі сағат 9-ға дейінгі уақыт

C) 20 сағ-тан бастап таңертеңгі сағат 8-ге дейінгі уақыт

D) 18 сағ-тан бастап таңертеңгі сағат 9-ға дейінгі уақыт

E) 21 сағ-тан бастап таңертеңгі сағат 7-ға дейінгі уақыт

20. Қоршаған ортаға қол сұғатын заңға қайшы әрекеттер:

A) әкімшілік құқық бұзушылық

B) әкімшілік жауаптылық

C) тәртіптік жауапкершілік

D) қылмыстық құқық

E) экологиялық құқық бұзушылық